

Қызылорда облысында ортақ су пайдаланудың қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қызылорда облыстық мәслихатының 2019 жылғы 17 шілдедегі № 334 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 19 шілдеде № 6851 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облыстық мәслихатының 2025 жылғы 9 желтоқсандағы № 210 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облыстық мәслихатының 09.12.2025 № 210 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Қазақстан Республикасының Су кодексі" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Кодексінің 38-бабының 1) тармақшасына және "Ортақ су пайдаланудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 19-1/252 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11434 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қоса беріліп отырған Қызылорда облысында ортақ су пайдаланудың қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облыстық мәслихатының
кезекті 34-сессиясының төрағасы

Н. Әмитов

Қызылорда облыстық
мәслихатының хатшысы

Н. Байқадамов

Қызылорда облыстық мәслихатының
2019 жылғы 17 шілдедегі
№ 334 шешімімен бекітілген

Қызылорда облысында ортақ су пайдалану қағидалары

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Қызылорда облыстық мәслихатының 29.05.2020 № 436 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Осы Қызылорда облысында ортақ су пайдаланудың қағидалары Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің (бұдан әрі - Кодекс) 37-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, "Ортақ су пайдаланудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы

министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 19-1/252 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11434 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес әзірленді және Қызылорда облысының өңірлік жағдайының ерекшелігін ескере отырып ортақ су пайдалану тәртібін айқындайды.

2. Ортақ су пайдалану халықтың мұқтаждарын қанағаттандыру үшін су объектілері жекелеген жеке немесе заңды тұлғаларға бекітіліп берілмей және судың жай-күйіне әсер ететін құрылыстар немесе техникалық құрылғылар қолданылмай жүзеге асырылады.

3. Ортақ су пайдалануды жүзеге асыру үшін арнайы рұқсат талап етілмейді.

4. Кодексте көзделген жағдайларды қоспағанда, жеке және заңды тұлғалардың ортақ су пайдалану объектілеріне халықтың кіруін қоршаулар, күзет пункттерін, тыйым салатын белгілер орнату жолымен шектеуіне жол берілмейді.

5. Экологиялық, техникалық және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздігі мақсатында ортақ су пайдалану шектелуі немесе оған тыйым салынуы мүмкін.

6. Ортақ су пайдалануға:

1) шаруашылық-ауыз су мақсаттарын қанағаттандыру үшін;

2) ықтимал сел қаупі бар су объектілерін қоспағанда, рекреациялық мақсаттарда, жаппай демалу, туризм және спорт мақсаттарында;

3) кеме қатынасы және шағын кемелерді пайдалану үшін;

4) мал суару үшін су объектілерін пайдалану жатады.

7. Шаруашылық-ауыз су мақсаттарын қанағаттандыру үшін жер үсті су көздерінен су алу судың жай-күйіне әсер ететін құрылыстар немесе техникалық құрылғылар қолданылмай жүзеге асырылады.

8. Су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарындағы көпшіліктің демалуына, туризм мен спортқа арналған жерлерді экологиялық талаптар мен адам өмірінің қауіпсіздігін сақтай отырып, су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, су бұру саласындағы, қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органдармен келісім бойынша Қызылорда облысының әкімдігі белгілейді.

9. Кеме қатынасы санатына жатқызылған Қазақстан Республикасының жер үсті су объектілері, оларды осы мақсаттарға пайдалануға толық немесе ішінара тыйым салынған не олар оқшау пайдалануға берілген жағдайларды қоспағанда, ортақ пайдаланудағы су жолдары болып табылады.

Су объектілерін кеме қатынасы санатына жатқызу тәртібі, кеме қатынасы, әуе кемелерінің ұшуы (қонуы) үшін пайдаланылатын кеме қатынасы су жолдарының тізбесі және оларды пайдалану қағидалары Кодекстің 105-бабының 3-тармағына сәйкес бекітілетін қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

10. Су объектілерін мал суару үшін пайдалануға санитарлық қорғау аймақтарынан тыс жерде және суат алаңдары мен су объектілерінің ластануы мен қоқыстануын болғызбайтын басқа да құрылғылар болған жағдайда жол беріледі.

11. Азаматтардың өмірі мен денсаулығын сақтау мақсатында Қызылорда облысының аумағындағы Сырдария өзенінде және Қызылорда облысы әкімдігімен белгіленбеген су объектілерінде шомылуға тыйым салынады.

12. Қызылорда облысының әкімдігі тиісті аумақтарда орналасқан су объектілерінің, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің жай-күйі туралы халықты хабардар етуді жүзеге асырады.

13. Оқшау немесе бірлесіп су пайдалануды жүзеге асыратын су пайдаланушы, егер Қызылорда облыстық мәслихатының шешімдерінде өзгеше белгіленбесе, Кодекстің 67-бабының 3-тармағына және 68-бабының 4-тармағына сәйкес ортақ су пайдалану шарттары немесе оған тыйым салу туралы жариялайды.

14. Ортақ су пайдаланудың шарттарын немесе оған тыйым салынатынын жариялау үшін оқшау немесе бірлесіп су пайдалануды жүзеге асыратын су пайдаланушы облыстың өкілді органына ортақ су пайдаланудың шарттарын немесе оған тыйым салынатынын белгілеудің қажеттігі негізделген ұсыныс енгізеді.

15. Қызылорда облыстық мәслихаты мәслихаттың кезекті немесе кезектен тыс сессиясы барысында ортақ су пайдаланудың шарттарын немесе оған тыйым салынатынын белгілеу бойынша тиісті шешім қабылдайды және оны үш жұмыс күні ішінде су пайдаланушыға жолдайды.

16. Жарияланған ортақ су пайдаланудың шарттары немесе оған салынатын тыйымдар шаруашылық-ауыз су мақсаттарын қанағаттандыру үшін ортақ су пайдалануды жүзеге асыруды шектемеуі тиіс.

17. Су пайдаланушы Қызылорда облыстық мәслихатынан оң шешім алғаннан кейін бұқаралық ақпарат құралдары арқылы, сондай-ақ, арнайы ақпараттық белгілер арқылы халықты шомылуға жол берілмейтіні және ортақ су пайдалануды жүзеге асырудың басқа шарттары туралы хабардар етуді қамтамасыз етеді.

18. Ортақ су пайдалану үшін су объектілерін пайдалану кезінде жеке және заңды тұлғалар:

- 1) су объектілерін ұқыпты пайдалануы;
- 2) су объектілерін пайдаланудың белгіленген режимін сақтауы;
- 3) су объектілерінде мәдени, спорттық және басқа да іс-шараларды өткізу кезінде қауіпсіздік шараларын сақтауы;
- 4) су объектілерін және іргелес аумақтарын тиісті санитариялық нормаларға сай ұстауға, тұрмыстық, құрылыс және басқа да қалдықтармен қоқыстауға,

іргелес аумақтарды ластаудың алдын алу және жою жөніндегі іс-шараларды уақытылы жүзеге асыруы тиіс.

19. Ортақ су пайдаланудың су объектілерін пайдалану кезінде:

- 1) су объектісін ластауға және қоқыстауға;
- 2) шомылуға арналған орындарда киім жууға және жануарларды шомылдыруға;
- 3) ескерту немесе тыйым салу жазулары бар арнайы ақпараттық белгілер қойылмаған орындарда шомылуға;
- 4) арнайы ақпараттық белгілерді өз еркімен алып тастауға, бұзуға және жоюға ;
- 5) аумақта жанар-жағар май материалдарын сақтауға;
- 6) көлікке жанар май құюды, жууды және жөндеуді жүзеге асыруға;
- 7) су объектілерінде және оларға тікелей жақын жерде кәмелетке толмаған балаларды үлкендердің қарауынсыз тастауға жол берілмейді;
- 8) су акваториясында қозғалтқыштың қуаттылығы 40 ат күші және күші одан жоғары шағын көлемді кемелердің пайдаланылуына және қозғалуына (оның ішінде қолдан жасалған Байдалар) жол берілмейді.

Ескерту. 19-тармаққа өзгеріс енгізілді - Қызылорда облыстық мәслихатының 17.03.2021 № 19 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).